# «ЭЙР АСТАНА»
# АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2021 жылдың 30 маусымында
аяқталған алты ай кезең бойынша
**ықшамдалған аралық шоғырландырылған қаржылық ақпарат**
(аудиттелмеген)

## «ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

**МАЗМҰНЫ**


| | Бет |
|---|---|
| 2021 ЖЫЛДЫҢ 30 МАУСЫМЫНДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ КЕЗЕҢ БОЙЫНША ЫҚШАМДАЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТТЫ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚ РАСТАМАСЫ | 1 |
| ЫҚШАМДАЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТТЫ ШОЛУ БОЙЫНША ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ | 2 |
| 2021 ЖЫЛДЫҢ 30 МАУСЫМЫНДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ КЕЗЕҢ БОЙЫНША ЫҚШАМДАЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТЫ: | |
| Пайда немесе залал туралы ықшамдалған аралық шоғырландырылған есеп (аудиттелмеген) | 3 |
| Басқа жиынтық табыс туралы ықшамдалған аралық шоғырландырылған есеп (аудиттелмеген) | 4 |
| Қаржылық жағдай туралы ықшамдалған аралық шоғырландырылған есеп (аудиттелмеген) | 5 |
| Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы ықшамдалған аралық шоғырландырылған есеп (аудиттелмеген) | 6 |
| Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы ықшамдалған аралық шоғырландырылған есеп (аудиттелмеген) | 7-8 |
| Ықшамдалған аралық шоғырландырылған қаржылық ақпаратқа ескертпелер (аудиттелмеген) | 9-39 |

**2021 ЖЫЛДЫҢ 30 МАУСЫМЫНДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ КЕЗЕҢ БОЙЫНША ЫҚШАМДАЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТТЫ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚ РАСТАМАСЫ**

Топ басшылығы «Эйр Астана» акционерлік қоғамының және оның еншілес компаниясының (бұдан әрі - «Топ») ықшамдалған аралық шоғырландырылған қаржылық ақпаратын, оның 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдайына, сондай-ақ оның шоғырландырылған жұмыс нәтижелеріне, ақша ағындарына және осы күнге дейін аяқталған алты айдағы меншікті капиталдың өзгеруі 34 «Аралық қаржылық есептілік» (бұдан әрі - 34 IAS) Халықаралық бухгалтерлік есеп стандартына сәйкес ұсынуға жауап береді.

Ықшамдалған аралық шоғырландырылған қаржылық ақпаратын дайындау кезінде басшылық келесіге жауапты:

- есеп саясаты принциптерінің дұрыс таңдалуын және қолданылуын қамтамасыз етуге;
- ақпараттың, соның ішінде есеп саясаты туралы деректердің осындай ақпараттың орындылығын, растығын, салыстырмалылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда ұсынуға;
- ҚЕХС талаптарын орындау есептілікті пайдаланушылардың қандай да бір мәмілелердің, сондай-ақ өзге оқиғалардың немесе шарттардың Топтың қаржылық жағдайына және қызметінің қаржылық нәтижелеріне ықпал етуін түсінуі үшін жеткіліксіз болған жағдайда, қосымша ақпаратты ашуға;
- Топтың көз етер болашақта өзінің қызметін жалғастыру қабілетін бағалауға жауапкершілік атқарады.

Басшылық сондай-ақ:

- Топтың барлық бөлімшелерінде ішкі бақылаудың тиімді және сенімді жүйесінің жасалуына, ендірілуіне және сүйемелденуіне;
- есептіліктің Топтың мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ кез келген күнге Топтың қаржылық жағдайы туралы жеткілікті дәл ақпарат беруге және ықшамдалған аралық шоғырландырылған қаржылық ақпаратын ҚЕХС сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысанда жүргізілуіне;
- бухгалтерлік есептің Қазақстан Республикасының заңнамасына және ҚЕХС сәйкес жүргізілуіне;
- Топтың активтерінің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі барлық қисынды мүмкін шаралардың қабылдануына; және
- қаржылық және өзге теріс пайдаланушылық фактілерін анықтауына және олардың алдын алуына жауапкершілік атқарады.

2021 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай кезең бойынша ықшамдалған аралық шоғырландырылған қаржылық ақпаратын Топ басшылығы 2021 жылдың 29 шілдесінде бекітті.

**Топ Басшылығының атынан:**

| | | |
|---|---|---|
| **Питер Фостер**<br>**Президент** | **Ибрагим Жанлыел**<br>**Қаржы директоры** | **Азамат Оспанов**<br>**Қаржы жөніндегі вице-президент,**<br>**бас бухгалтер** |
| 29 шілде 2021 жыл<br>Алматы қ., Қазақстан Республикасы | 29 шілде 2021 жыл<br>Алматы қ., Қазақстан Республикасы | 29 шілде 2021 жыл<br>Алматы қ., Қазақстан Республикасы |

KPMG

«КПМГ Аудит» жауапкершілігі шектеулі серіктестік
Қазақстан, A25D6T5, Алматы,
Достық д-лы, 180,
Тел.: +7 (727) 298-08-98

Товарищество с ограниченной ответственностью «КПМГ Аудит»
Казахстан, A25D6T5, Алматы,
пр. Достык, 180,
E-mail: company@kpmg.kz

# Ықшамдалған аралық қаржылық ақпаратты шолу бойынша тәуелсіз аудиторлардың есебі

«Эйр Астана» Акционерлік қоғамының акционерлеріне және Директорлар кеңесіне:

### *Кіріспе*

Біз «Эйр Астана» Акционерлік қоғамы (әрі қарай, «Компания») және оның еншілес кәсіпорнының (әрі қарай, «Топ») 2021 жылдың 30 маусымындағы шоғырландырылған ықшамдалған қаржылық жағдай туралы есебінің және осыған қатысты көрсетілген күні аяқталған алты ай кезең бойынша шоғырландырылған ықшамдалған пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс, меншікті капиталдағы өзгерістер және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептерінің, сондай-ақ, шоғырландырылған ықшамдалған аралық қаржылық ақпаратқа түсіндірмелі ескертпелерінің (бұдан былай, «шоғырландырылған аралық ықшамдалған қаржылық ақпарат») шолуын жүргіздік. Топтың басшылығы осы шоғырландырылған ықшамдалған аралық қаржылық ақпараттың 34-ші «Аралық қаржылық есептілігі» Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына (IAS) сәйкес дайындауға және көрсетуге жауапты болады. Біз жүргізген шолу нәтижелері бойынша көрсетілген шоғырландырылған ықшамдалған аралық қаржылық ақпарат туралы қорытынды қалыптастыруға жауаптымыз.

### *Шолу көлемі*

Біз 2410-шы «Кәсіпорынның тәуелсіз аудиторы орындаған аралық қаржылық ақпаратты шолу» Халықаралық шолуды жүргізу тапсырмалары бойынша стандарты талаптарына сай шолу жүргіздік. Шоғырландырылған ықшамдалған аралық қаржылық ақпаратты шолу негізінен қаржылық және бухгалтерлік мәселелер үшін жауапты тұлғалардан ақпарат алу үшін сұрату жасау мен талдамалық және шолу шегінде қажетті басқа да рәсімдерден тұрады. Шолу көлемі Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудитке қарағанда анағұрлым аз, және сол себепті де, бізге аудит барысында анықталуы мүмкін барлық елеулі мәселелер белгілі болды деген сенімділікті қамтамасыз ете алмайды. Демек, біз аудиторлық пікірді білдірмейміз.

### *Қорытынды*

Жүргізілген шолу нәтижесінде 2021 жылдың 30 маусымындағы және көрсетілген күні аяқталған алты ай кезең бойынша шоғырландырылған ықшамдалған аралық қаржылық ақпарат барлық елеулі қатынастарда 34-ші «Аралық қаржылық есептілігі» Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына (IAS) сәйкес дайындалмағандығына назар аударуға себеп болатын деректер анықталмады.

Мұхит Қосаев
Аудит партнері
**«КПМГ Аудит» ЖШС**

2021 жылдың 29 шілдесі

«КПМГ Аудит» ЖШС, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес тіркелген компания, жауапкершілігі өз қатысушыларының кепілдіктерімен шектелген KPMG International Limited жекеше ағылшын компаниясының құрамына кіретін KPMG тәуелсіз фирмалары жаһандық ұйымының қатысушысы.

ТОО «КПМГ Аудит», компания, зарегистрированная в соответствии с законодательством Республики Казахстан, участник глобальной организации независимых фирм KPMG, входящих в KPMG International Limited, частную английскую компанию с ответственностью, ограниченной гарантиями своих участников.

# «ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

**2021 ЖЫЛДЫҢ 30 МАУСЫМЫНДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ КЕЗЕҢ БОЙЫНША**
**ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ТУРАЛЫ ЫҚШАМДАЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ЕСЕП (АУДИТТЕЛМЕГЕН)**

*(мың қазақстандық теңгемен)*

| | Ескерту | 2021 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген) | 2020 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген) |
|---|---|---|---|
| **Табыстар және басқа пайда** | | | |
| Жолаушылар тасымалы | 5 | 124,139,254 | 72,183,873 |
| Жүк және пошта | 5 | 7,948,959 | 3,261,285 |
| Басқа пайда | 5 | 1,380,199 | 1,217,233 |
| Кері жалдау мәмілесінен түскен пайда | 5 | - | 2,366,523 |
| **Барлық табыс және баска пайда** | | **133,468,412** | **79,028,914** |
| **Операциялық шығындар** | | | |
| Тозу және амортизация | 10 | (24,569,158) | (20,793,042) |
| Жанармай | | (23,031,439) | (19,887,685) |
| Қызметкерлер жөніндегі шығындар | 6 | (18,566,130) | (13,953,636) |
| Инженерлік-техникалық қызмет көрсету | 6 | (16,428,249) | (12,593,205) |
| Әуежайлық қызмет көрсету және навигация | 6 | (12,566,081) | (10,400,658) |
| Жолаушыларға қызмет көрсету | 6 | (11,388,542) | (7,920,978) |
| Сатуға байланысты шығындар | 6 | (4,896,679) | (3,659,778) |
| Экипажға байланысты шығындар | 6 | (2,029,036) | (3,702,181) |
| Сақтандыру | | (1,471,868) | (1,340,701) |
| Жалға алу бойынша бойынша шығындар | 6 | (920,396) | (939,055) |
| Ақпараттық технологиялар | | (854,292) | (779,571) |
| Консультациялық, заңды және кәсіби қызметтер | | (609,709) | (610,837) |
| Мүлік жалдауға байланысты шығындар | | (557,475) | (492,312) |
| Табыс салығынан өзге салықтар | | (464,767) | (505,534) |
| Дебиторлық берешектің құнсызданудан болған (залал)/шегеру | | (9,781) | 39,022 |
| Өзге шығындар | | (1,509,911) | (7,194,783) |
| **Барлық операциялық шығындар** | | **(119,873,513)** | **(104,734,934)** |
| **Операциялық пайда/(залал)** | | **13,594,899** | **(25,706,020)** |
| Қаржылық кірістер | 7 | 2,261,903 | 306,470 |
| Қаржылық шығындар | 7 | (10,948,602) | (6,661,865) |
| Бағам айрмашылығынан алынған залал, таза мөлшерде | | (2,269,195) | (2,826,003) |
| **Салық салуға дейінгі пайда/(залал)** | | **2,639,005** | **(34,887,418)** |
| Табыс салығы бойынша (шығын)/үнем | 8 | (493,808) | 7,868,696 |
| **Кезең ішіндегі таза пайда/(залал)** | | **2,145,197** | **(27,018,722)** |
| **Бір акцияға келетін негізгі және тоғытылған пайда/(залал) (теңгемен)** | 18 | **126,188** | **(1,589,337)** |

**Топ Басшылығының атынан:**

**Питер Фостер**
**Президент**

29 шілде 2021 ж.
Алматы, Қазақстан Республикасы

**Ибрагим Жанлыел**
**Қаржы директоры**

29 шілде 2021 ж.
Алматы, Қазақстан Республикасы

**Азамат Оспанов**
**Қаржы жөніндегі вице- президент, бас бухгалтер**

29 шілде 2021 ж.
Алматы, Қазақстан Республикасы



9-39-ші беттердегі ескертулер осы ықшамдалған аралық шоғырландырылған қаржылық ақпараттың ажырамас бөлігі болып табылады. Ықшамдалған аралық қаржылық ақпаратты шолу бойынша тәуелсіз аудиторлардың есебі 2 бетте келтірілген.

# БАСҚА ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ЫҚШАМДАЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ЕСЕП (АУДИТТЕЛМЕГЕН)

*(мың қазақстандық теңгемен)*

| | Ескерту | 2021 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген) | 2020 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген) |
|---|---|---|---|
| **мың. теңге** | | | |
| **Кезең ішіндегі таза пайда/(залал)** | | **2,145,197** | **(27,018,722)** |
| Келесі кезеңдерде пайдаға немесе залалға қайта жіктелмейтін бағамдық айырмашылықтар | | 84,294 | 2,472,358 |
| **Кейінгі кезендерде пайдаға немесе залалға қайта жіктелуге тиісті басқа жиынтық табыс:** | | | |
| Ақшалай ағындарды хеджирлеу бойынша іске асырылған шығын | 23 | 2,477,607 | 2,294,830 |
| Хеджирлеу құралдары бойынша іске асырылған шығынның салық эффектісі | 23 | (495,691) | (458,966) |
| **Табыс салығы шегерілгеннен кейінгі кезендегі басқа жиынтық табыс** | | **1,981,916** | **1,835,864** |
| **Кезең ішіндегі жалпы жиынтық табыс** | | **4,211,407** | **(22,710,500)** |



9-39-ші беттердегі ескертулер осы ықшамдалған аралық шоғырландырылған қаржылық ақпараттың ажырамас бөлігі болып табылады. Ықшамдалған аралық қаржылық ақпаратты шолу бойынша тәуелсіз аудиторлардың есебі 2 бетте келтірілген.

## 2021 ЖЫЛДЫҢ 30 МАУСЫМЫНДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ КЕЗЕҢ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЫҚШАМДАЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ЕСЕП (АУДИТТЕЛМЕГЕН)

*(мың қазақстандық теңгемен)*

| мың. теңге | Ескерту | 30 маусым 2021 ж. (аудиттелмеген) | 31 желтоқсан 2020 ж. |
|---|---|---|---|
| **АКТИВТЕР** | | | |
| **Ұзақ мерзімді активтер** | | | |
| Жылжымайтын мулік, ғимараттар мен жабдықтар | 10 | 304,528,029 | 296,788,692 |
| Материалдық емес активтер | | 577,652 | 692,818 |
| Берілген алғытөлемдер | 13 | 5,043,112 | 5,199,501 |
| Кепілдікті салымдар | 11 | 6,479,966 | 8,590,773 |
| Саудалық және өзге дебиторлық берешек | 14 | 1,833,509 | 1,382,689 |
| Кейінге қалдырылған салық активі | 8 | 2,774,011 | 3,691,802 |
| | | **321,236,279** | **316,346,275** |
| **Ағымдағы активтер** | | | |
| Тауарлы-материалдық босалқы қорлар | 12 | 21,393,644 | 19,518,018 |
| Берілген алғытөлемдер | 13 | 4,702,511 | 6,476,121 |
| Табыс салығы бойынша алдын-ала төлем | | 1,924,221 | 1,374,692 |
| Саудалық және өзге дебиторлық берешек | 14 | 6,918,553 | 4,301,700 |
| Басқа салықтар бойынша алдын-ала төлем | 15 | 5,816,737 | 6,383,521 |
| Кепілдікті салымдар | 11 | 586,637 | 2,447,171 |
| Ақша қаражаттары және банк есепшоттарындағы қалдықтар | 16 | 98,589,279 | 84,751,912 |
| Басқа қаржылық активтер | 17 | 3,261,805 | - |
| | | **143,193,387** | **125,253,135** |
| **Активтер жиыны** | | **464,429,666** | **441,599,410** |
| **МЕНШІКТІ КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | | |
| **Меншікті капитал** | | | |
| Жарғылық капитал | 18 | 2,501,550 | 2,501,550 |
| Қосымша төленген капитал | | 48,996 | 48,996 |
| Хеджирлеу құралдары бойынша резерв, салық шегерісінен кейін | | (13,297,188) | (14,850,498) |
| Шетел валютасын аудару бойынша резерв | | 9,251,545 | 8,738,645 |
| Бөлінбеген пайда | | 13,454,194 | 11,308,997 |
| **Меншікті капитал жиыны** | | **11,959,097** | **7,747,690** |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Несиелер | 22 | 22,397,046 | 22,309,914 |
| Жалға алу бойынша міндеттемелер | 23 | 251,982,709 | 240,896,053 |
| Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге резерв | 20 | 20,904,994 | 19,166,979 |
| Қызметкерлерге берілетін төлемдер | | 643,547 | 656,199 |
| | | **295,928,296** | **283,029,145** |
| **Ағымдағы міндеттемелер** | | | |
| Несиелер | 22 | 33,036,959 | 46,724,798 |
| Жалға алу бойынша міндеттемелер | 23 | 50,209,040 | 55,703,229 |
| Болашақ кезеңдердің табыстары | 19 | 27,989,569 | 16,041,722 |
| Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге резерв | 20 | 23,271,226 | 15,798,015 |
| Саудалық және өзге кредиторлық берешек | 21 | 22,035,479 | 16,554,811 |
| | | **156,542,273** | **150,822,575** |
| **Міндеттемелер жиыны** | | **452,470,569** | **433,851,720** |
| **Меншікті капитал мен міндеттемелер жиыны** | | **464,429,666** | **441,599,410** |



9-39-шы беттердегі ескертулер осы ықшамдалған аралық шоғырландырылған қаржылық ақпараттың ажырамас бөлігі болып табылады. Ықшамдалған аралық қаржылық ақпаратты шолу бойынша тәуелсіз аудиторлардың есебі 2 бетте келтірілген.

# ««ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

## 2021 ЖЫЛДЫҢ 30 МАУСЫМЫНДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ КЕЗЕҢ БОЙЫНША МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЫҚШАМДАЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ЕСЕП (АУДИТТЕЛМЕГЕН)

*(мың қазақстандық теңгемен)*

| | Жарғылық капитал | Қосымша төленген капитал | Хеджирлеу құралдары бойынша резерв | Шетел валютасын аудару бойынша резерв | Бөлінбеген пайда | Меншікті капитал жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2020 ж. 1 қантары** | **2,501,550** | **48,996** | **(17,894,309)** | **4,837,994** | **49,981,789** | **39,476,020** |
| Кезең ішіндегі залал (аудиттелмеген) | - | - | - | - | (27,018,722) | (27,018,722) |
| Басқа жиынтық табыс: | | | | | | |
| Ақша ағымдарын хеджирлеу құралдары бойынша іске асырылған залал, салық шегерісінен кейін | - | - | 1,835,864 | - | - | 1,835,864 |
| Басқа валюталардан аударма бойынша бағам айырмашылықтары | - | - | (323,098) | 2,795,456 | - | 2,472,358 |
| **Кезең ішіндегі жалпы жиынтық табыс (аудиттелмеген)** | **-** | **-** | **1,512,766** | **2,795,456** | **(27,018,722)** | **(22,710,500)** |
| **2020 жылдың 30 маусымында (аудиттелмеген)** | **2,501,550** | **48,996** | **(16,381,543)** | **7,633,450** | **22,963,067** | **16,765,520** |
| | | | | | | |
| **2021 ж. 1 қантары** | **2,501,550** | **48,996** | **(14,850,498)** | **8,738,645** | **11,308,997** | **7,747,690** |
| Кезен ішіндегі таза пайда | - | - | - | - | 2,145,197 | 2,145,197 |
| Басқа жиынтық табыс: | | | | | | |
| Ақша ағымдарын хеджирлеу құралдары бойынша іске асырылған залал, салық шегерісінен кейін (аудиттелмеген) | - | - | 1,981,916 | - | - | 1,981,916 |
| Басқа валюталардан аударма бойынша бағам айырмашылықтары | - | - | (428,606) | 512,900 | - | 84,294 |
| **Кезең ішіндегі жалпы жиынтық табыс (аудиттелмеген)** | **-** | **-** | **1,553,310** | **512,900** | **2,145,197** | **4,211,407** |
| **2021 жылдың 30 маусымында (аудиттелмеген)** | **2,501,550** | **48,996** | **(13,297,188)** | **9,251,545** | **13,454,194** | **11,959,097** |



9-39-ші беттердегі ескертулер осы ықшамдалған аралық шоғырландырылған қаржылық ақпараттың ажырамас бөлігі болып табылады. Ықшамдалған аралық қаржылық ақпаратты шолу бойынша тәуелсіз аудиторлардың есебі 2 бетте келтірілген.

## 2021 ЖЫЛДЫҢ 30 МАУСЫМЫНДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ КЕЗЕҢ БОЙЫНША АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЫҚШАМДАЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ЕСЕП (АУДИТТЕЛМЕГЕН)

*(мың қазақстандық теңгемен)*

| | Ескерту | 2021 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген) | 2020 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген) |
|---|---|---|---|
| **ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ** | | | |
| **Салық салуға дейінгі пайда/(залал)** | | **2,639,005** | **(34,887,418)** |
| Түзетулер: | | | |
| Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар мен материалдық емес активтердін амортизациясы | 10 | 24,569,158 | 20,793,042 |
| Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар мен қорларды сатудан түскен кірістер | | (357,634) | (2,514,407) |
| Төленген алғытөлемдер, саудалық дебиторлық берешек және кепілдікті салымдардың құнсыздану резерві | 7 | (125,510) | (45,328) |
| Өтімсіз тауарлы-материалдық босалқы қорлар бойынша резерв | 12 | (64,451) | (145,291) |
| Пайдаланылмаған демалыс үшін резерв | 21 | 133,990 | 1,240,436 |
| Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету резерві | 6, 20 | 9,850,689 | 7,704,413 |
| Клиенттердің бейілділік бағдарламасы бойынша міндетемелердің (шегерілуі)/қосылуы | 19 | (566,491) | 391,355 |
| Бағам айрмашылығынан алынған залал, таза мөлшерде | | 2,269,195 | 2,826,003 |
| Құнсыздануды қоспағанда, қаржылық кіріс | 7 | (2,194,099) | (306,470) |
| Құнсыздануды қоспағанда, қаржылық шығын | 7 | 10,946,466 | 6,661,865 |
| COVID-19-ға байланысты жалдау төлемдерін кейінге қалдыру әсері | 6 | 377,748 | (544,501) |
| Қозғалтқышты мерзімінен бұрын қайтарудан түскен табыс | 23 | (209,440) | - |
| Негізгі құралдардың құнсыздануы | 10 | - | 5,443,403 |
| **Айналым капиталындағы өзгерістерге дейін операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттары** | | **47,268,626** | **6,617,102** |
| Саудалық және өзге дебиторлық берешектердің өзгеруі | | (2,932,098) | 9,571,392 |
| Берілген алғытөлемдердің өзгеруі | | 2,120,948 | 8,125,363 |
| Тауарлы-материалдық босалқы қорлардың өзгеруі | | (1,236,866) | (1,872,998) |
| Саудалық кредиторлық берешектің және әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету бойынша резервтің өзгеруі | | 3,337,885 | (6,800,342) |
| Болашақ кезендер табыстарының өзгеруі | | 12,142,661 | (12,082,212) |
| Басқа қаржылық активтердің өзгеруі | | (1,255,523) | (124,651) |
| **Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттары** | | **59,445,633** | **3,433,654** |
| Төленген табыс салығы | | (334,833) | (1,440,281) |
| Алынған сыйақы | | 202,212 | 304,450 |
| **Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаттары** | | **59,313,012** | **2,297,823** |
| **ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ** | | | |
| Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарды сатып алу | | (8,170,865) | (7,849,350) |
| Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарды сатудан түсімдер | | 726,346 | 535,431 |
| Кері жалға алумен сатудан түсімдер | | - | 12,636,330 |
| Материалдық емес активтерді сатып алу | | (28,639) | (72,038) |
| Банктік және кепілдік салымдарды орналастыру | | (643,662) | (2,540,447) |
| Банк және кепілдік салымдарын өтеу | | 2,253,242 | 3,211,547 |
| **Инвестициялық (қызметте пайдаланылған)/қызметтен түскен таза ақша қаражаттары** | | **(5,863,578)** | **5,921,473** |

**Жалғасы келесі бетте**



9-39-шы беттердегі ескертулер осы ықшамдалған аралық шоғырландырылған қаржылық ақпараттың ажырамас бөлігі болып табылады. Ықшамдалған аралық қаржылық ақпаратты шолу бойынша тәуелсіз аудиторлардың есебі 2 бетте келтірілген.

| | Ескерту | 2021 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген) | 2020 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген) |
|---|---|---|---|
| **ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ** | | | |
| Жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу | 23 | (16,806,493) | (21,977,642) |
| Төленген сыйақы | 23 | (12,034,025) | (5,815,492) |
| Алынған қарыздар | 23 | - | 60,564,073 |
| Кері жалға алумен сатудан алынған қосымша қаржыландыру мен қарыздарды қайтару | 23 | (12,040,551) | (23,653,411) |
| **Қаржылық (қызметте пайдаланылған)/ қызметтен түскен таза ақша қаражаттары** | | **(40,881,069)** | **9,117,528** |
| **АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ЖӘНЕ БАНК ЕСЕПШОТТАРЫНДАҒЫ ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ТАЗА ҰЛҒАЮЫ** | | **12,568,365** | **17,336,824** |
| Шетелдік валютада ұсталатын ақша қаражаттарына айырбас бағамдары өзгерістерінің әсері | | (263,316) | (384,475) |
| Басқа валюталардан аудару айырмашылықтары | | 1,534,438 | 2,315,179 |
| Күтілетін несиелік шығындар қозғалысының ақша қаражаттары және банк есепшоттарындағы қалдықтарға әсері | | (2,120) | (1,846) |
| **КЕЗЕҢ БАСЫНДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ЖӘНЕ БАНК ЕСЕПШОТТАРЫНДАҒЫ ҚАЛДЫҚТАР** | 16 | **84,751,912** | **67,504,945** |
| **КЕЗЕҢ СОҢЫНДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ЖӘНЕ БАНК ЕСЕПШОТТАРЫНДАҒЫ ҚАЛДЫҚТАР** | 16 | **98,589,279** | **86,770,627** |



9-39-ші беттердегі ескертулер осы ықшамдалған аралық шоғырландырылған қаржылық ақпараттың ажырамас бөлігі болып табылады. Ықшамдалған аралық қаржылық ақпаратты шолу бойынша тәуелсіз аудиторлардың есебі 2 бетте келтірілген.

## 1. ҚЫЗМЕТІНІҢ СИПАТЫ

«Эйр Астана» АҚ (бұдан әрі «Компания») Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің анықтамасына сәйкес акционерлік қоғам болып табылады.

Компания Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы № 1118 қаулысына сәйкес 2001 жылғы 14 қыркүйекте жабық акционерлік қоғам ретінде құрылды. Заңнамаға 2003 жылы енгізілген өзгерістердің нәтижесінде 2005 жылдың 27 мамырда Компания акционерлік қоғам болып қайта тіркелді.

Компания 2019 жылғы қарашада сатып алынған «Aviation Group «Air Kazakhstan» («Авиэйшн Групп «Эйр Казахстан») АҚ еншілес ұйымына (бұдан әрі, «еншілес ұйым») иелік етеді. Бірге олар бұдан әрі «Топ» деп аталады.

2019 жылдың қараша айында Компания еншілес ұйымға бақылауды 101,665 акция көлеміндегі жүз пайыз акция мен дауыс беретін акцияны 2 теңгеге сатып алу арқылы алды. Сатып алу кезінде еншілес ұйымның 7 мың теңге көлеміндегі теріс таза активтері болған. Еншілес ұйымды бақылауды алу Топқа Fly Arystan брендімен жаңа төменбюджетті авиакомпания құруға мүмкіндік береді. 2021 жыл ішінде еншілес ұйым жұмыс істемеді.

Топ қызметінің негізгі түрі жолаушылар үшін ішкі және халықаралық әуетасымалдарын ұсыну болып табылады. Басқа іс-шараларға жүк және пошта тасымалы кіреді.

Топ өзінің алғашқы рейсін 2002 жылғы 15 мамырда Алматы қаласынан Қазақстанның елордасы Нұр-сұлтан қаласына (ол кезде Астана) Боинг-737-мен жүзеге асырды. 2021 жылдың 30 маусымы мен 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша топ турбореактивті қозғалтқышы бар 34 әуе кемесінен тұратын паркпен операция жасады.

2010 жылы Топ өз офисін Қазақстан Республикасының Нұр-Сұлтан қаласынан Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Закарпатская көшесі, 4А мекен-жайы бойынша қайта тіркеуді жүргізді, себебі, жолаушыларға қызмет көрсету базасы мен Комапниянын әуе кемелер паркі орналасқан әуежай Алматы қаласының Халықаралық Әуежайы болып табылады.

Топтың акционерлері «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» АҚ (Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан инвестиция үлесіне ие) және «BAE Systems Kazakhstan Ltd.» компаниясы болып табылады, олар Топ акцияларының тиісінше 51% және 49% иелік етеді.

**COVID-19 әсері**

2020 жылдың 1-тоқсанынан бастап пандемия тудырған жаңа COVID-19 коронавирус инфекциясы әртүрлі елдерде саяхатқа шектеу қоюға, әлеуметтік қашықтықты сақтау талаптарына және жергілікті шектеулерге байланысты авиация өнеркәсібіне елеулі әсер етуін жалғастыруда.

Сұраныстың төмендеуі мен ұшуға шектеулер 2020 жылдың алғашқы үш тоқсанында кірістің айтарлықтай нашарлауына әкелді. Бұл тенденция 2020 жылдың үшінші тоқсанының соңына қарай Компания үшін айтарлықтай өзгерді. Халықаралық рейстер біртіндеп қайта жанданды және олардың қалпына келуі ағымдағы жыл ішінде жаңа рейстердің қосылуымен жалғасты. Франкфурт, Амстердам, Дубай, Стамбул, Ташкент және Мәскеу сияқты бар бағыттарға тарихи жоғары сұраныстан басқа, Топ демалыс орындарына тікелей бағыттарға сұраныстың артқанын атап өтті. Алғаш рет қыста Анталияға ұшатын рейстер ұзартылды, Шарм-эль-Шейхке рейстер қайта жанданды және Мальдивке тікелей рейстер ашылды.

Халықаралық және ішкі бағыттарды қалпына келтіру мен кеңейту 2021 жылдың бірінші жартысында жалғасты. Нәтижесінде 2021 жылдың алғашқы алты айында ішкі жолаушылар тасымалы 127% -ға өсті, ал халықаралық тасымал 2020 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 8% -ға ғана төмендеді. 2021 жылдың наурызында Қазақстан Республикасының Үкіметі жаппай вакцинациялау бағдарламасын іске қосты. Сонымен қатар, 2021 жылдың бірінші жартысында вакцинация бүкіл әлемде басталды. Басшылық бұл шаралар жағдайдың одан әрі жақсартуын алып келеді деп күтеді.

Топ тікелей халықаралық туристік бағыттарға назар аударып, ішкі бағыттарды кеңейте отырып, пандемиядан кейін төмен сұранысты жеңу үшін бағдар желісін өзгертті және шығындарды төмендету саясатын енгізді. Бұл әрекеттер Топтың қалпына келуіне елеулі үлес қосты, бұған Топтың жарты жылдық табысының 2019 жылдың бірінші жартыжылдығындағы пандемияға дейінгі деңгейге жеткені куә.

Пандемияға қарсы әрекет ету шараларының шеңберінде Топ тұтынушылардың және қызметкерлердің қауіпсіздігін олардың Топтың өндірістік қызметі кезіндегі барлық байланыс нүктелерінде қамтамасыз етуге, сонымен қатар Топтың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін өтімділікті сақтауға басымдық берді. Басымдық ретінде келесі шаралар қарастырылған:

- Қызметкерлер мен тұтынушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қорғау;
- Қызметкерлердің вакцинациялануын ынталандыру;
- Барлық ұшуларда әуе кемесін тазалаудың жаңа шараларын қолдану, оның ішінде ұшақтарға дезинфекциялық препараттарды электростатикалық бүрку және әр рейс алдында жолаушылар қолымен жиі тиетін жерді зарарсыздандыру;
- Жұмысшылар мен жолаушыларға әлеуметтік қашықтықты сақтауға және қауіпсіз болуға мүмкіндік беретін шаралар қабылдау, оның ішінде жұмысшылар мен жолаушыларға бетперде киюді талап ету.
- Кеңседе болған кезде қатаң ережелерді сақтау, оның ішінде әр адамға санитарлық бақылау, бетперделерді міндетті түрде кию, әлеуметтік қашықтықты сақтау, денсаулыққа қатысты мәселелер туралы хабарлау және тез арада алыстау, кездейсоқ тестілеу. Қабылданған шаралар әр қызметкерге электронды пошта мен корпоративтік ұялы телефон қосымшасы арқылы жеткізілді. Бұрын енгізілген қашықтан жұмыс істеу режиміне қосымша қабылданған бұл шаралар COVID-19 вирусының одан әрі таралу қаупін айтарлықтай төмендетеді.

**Өтімділік**

Топ шығындарды қатаң бақылауды енгізу, барлық маңызды емес инвестицияларды кейінге қалдыру және негізгі кредиторлармен төлемдерді кейінге қалдыру туралы келісімшарттар жургізу арқылы барлық ақша қаражаттарының шығынын азайту үшін белсенді шараларды қабылдады

2020 жылы қолма -қол ақшаны сақтау және несиеге қол жеткізу барлық авиакомпаниялар үшін басымдыққа айналды. Жақсы перспективалары бар кейбір әуекомпаниялар банктерден осындай несие беру мүмкіндіктерін алғанмен, бірқатар әуекомпаниялары белгілі бір шарттармен мемлекеттік қаржылық көмек немесе үкіметтік кепілдіктерді қабылдаудан басқа амалы қалмады. Компания үкіметтің көмегіне жүгінбей дағдарысты сәтті жеңген санаулы әуекомпаниялардың бірі болды.

Халықаралық және ішкі бағыттар бойынша сұраныстың қалпына келуіне байланысты Топ басшылығы 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында 12 миллиард теңге сомасындағы банктік несиені ішінара мерзімінен бұрын өтеу туралы шешім қабылдады.

Сонымен қатар, Топ өтімділік қаупін төмендету үшін келесі шараларды қабылдады:

- Шығындарды қатаң бақылауды енгізу арқылы шығындарды азайту, қосалқы мердігерлікті, демалыстардың созылуы мен ұшақтардың тоқтап қалуын қысқарту;
- Барлық маңызды емес капиталдық шығындарды кейінге қалдыру;
- Әуе кемелерін күрделі жөндеудің уақытын қайта қарау және оларды өндірушілер ұсынған пайдалану мерзіміне сәйкес кейінге қалдыру;
- Жалдау төлемдерді үш айдан он екі айға дейін кейінге қалдыру;

- Қуаттылықты төмендету, жанармай шығынын қысқарту және шығындарды қысқарту бойынша басқа да шараларды қолдану арқылы шығындарды агрессивті басқару, оның ішінде жұмыс кестесін қысқарту және жұмысшылардың жалақысыз ерікті еңбек демалысы, және іс жүзінде өмірлік маңызды шығындардан басқа барлық шығындарды жою.

**Қызметтің үздіксіздігі туралы болжам**

Аралық ықшамдалған шоғырландырылған қаржылық ақпаратты дайындауда Топ қызметінің үздіксіздігі болжамының орындылығын қарастыру аясында, бірнеше сценарий талданды. Симуляциялық жорамалдар COVID-19-дан туындаған шектеулердің болжамды әсеріне және келесі 12 айдағы Топтың болжамды іс-шараларына негізделген. Бұған, ең алдымен, шектеулердің әр түрлі деңгейінің ұзақтығына және осы шектеулердің Топтың қызметіне сұранысына әсер етуінің ауырлығына негізделген күтілетін әсерлер жиынтығы кіреді. Топ басшылығы сауда белсенділігінің төмендеуіне және ықтимал өзгерістердің теріс әсеріне кірістердің, табыс пен ақша ағындарының сезімталдығына талдау жасады.

Бұл сценарийлер Топтың қалпына келуінің күтілетін уақыты туралы болжамдарға ерекше сезімтал. Қолданылатын негізгі болжам - бұл қозғалыстың шектелуі мен әлеуметтік қашықтықты сақтаудың ықтимал ұзақтығы. Топ нақты жағдайды ескере отырып, нақты нәтижелерді талдады және жоспарларын түзетті. Болжамдар статистикасы сценарийге енгізілген маршруттардың шектеулерін және қол жетімді сұранысты ішінара жабу үшін жаңа бағыттардың ашылуын ескереді. Топ Қазақстанда және басқа елдерде жаппай вакцинациялаудың оң әсерінің арқасында халықаралық бағыттар 2022 жылдың бірінші жартысында біртіндеп қалпына келеді деп күтеді. Әрбір сценарий бойынша Топтың барлық болжамды әрекеттері бақылауда болады және басшылық тарапынан бастамышылық жасалынуы мүмкін, себебі олар дискрециялық шығындар болып табылады және сұранысты қанағаттандыру мүмкіндігіне әсер етпейді. Бұл әрекеттерге келесі 6-12 ай ішінде инвестициялық келісімшарттық міндеттемелерге қатысы жоқ шығындарды төмендету және барлық маңызды емес шығындарды жою кіреді. Топ басшылығы модельденген сценарийлердің ешқайсысында бизнесте маңызды құрылымдық өзгерістер қажет болмайды деп болжайды. 2021 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша Топтың ақшалай позициясы берік болып қала береді. Барлық имитацияланған сценарийлерде, жұмсартудың қажетті шаралары қабылданғаннан кейін, басшылықтың болжамдары келесі 12 ай ішінде ақша тапшылығын көрсетпеді.

COVID-19 дельта нұсқасына келетін болсақ, басшылық оның әсері 2020 жылдың наурыз-сәуіріндегі вакциналар болмаған және вирус зерттелмеген кездегі COVID-тың бірінші толқынының әсерімен салыстырғанда маңызды болмайды деп санайды - қазіргі кезде жағдай басқаша. Үкімет COVID-19 дельта нұсқасына байланысты жаңа халықаралық рейстердің ашылуына шектеу қойды. Алайда, басшылық бұл саясаттан теріс әсер күтпейді, өйткені Топтың өткен тәжірибесі шектеулі рейстердегі бақыланатын жүктеме әрқашан теріс әсер етпейтінін көрсетті және Топ пайыз, салық және амортизацияға дейінгі кірісті жақсарту үшін өз бизнесін реформалай алды.

2021 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдың соңғы қаржылық нәтижелері көрсеткендей, пандемияға дейінгі деңгейден айтарлықтай қысқарған халықаралық бағыттардың өзінде Топ дағдарысқа дейінгі деңгейден жоғары кезеңдегі табысқа қол жеткізді. Сондықтан, белгілі бір уақыт аралығында халықаралық бағыттарда шектеулердің болуы басшылықтың Топ жұмысын жалғастыра алады деген қорытындысына әсер етпейді. Тиісінше, басшылық аралық ықшамдалған шоғырландырылған қаржылық ақпаратты дайындау кезінде үздіксіз қызмет туралы болжамды қолданған дұрыс деп санайды.

## 2. ЕСЕП НЕГІЗДЕРІ

**Қолданылатын стандарттарға сәйкестік туралы мәлімдеме**

Бұл шоғырландырылған аралық қаржылық ақпарат 34 «Аралық қаржылық есептілік» IAS Халықаралық стандартына сәйкес дайындалған. Осы ақпарат құрамына Топтың қаржылық жағдайындағы өзгерістерді және 2020 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындағаннан кейінгі операциялардың нәтижелерін түсіну үшін қажетті маңызды оқиғалар мен операцияларды түсіндіретін таңдаулы ескертулер енгізілді. Осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржы ақпаратында қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) сәйкес дайындалған жылдық қаржылық есептілікке қажетті толық ақпарат қамтылмаған.

**Функционалдық валюта**

Қазақстанның ұлттық валютасы қазақстандық теңге («теңге») болғанымен, Топтың функционалды валютасы ретінде АҚШ доллары анықталған. АҚШ доллары Топ қызметінің негізгі оқиғалары мен жағдайларының экономикалық мәнін көрсетеді және Топ жұмыс істейтін негізгі экономикалық ортаның функционалды валютасы болып табылады. Шоғырландырылған қаржылық ақпараттың баптарын өлшеу үшін таңдалған валютадан басқа барлық валюталар шетелдік валюта ретінде қарастырылады. Тиісінше, АҚШ долларына жатпайтын операциялар мен қалдықтардың сомасы бухгалтерлік есептің тиісті стандарттарына сәйкес АҚШ долларына аударылған.

Акционерлердің талабы бойынша Топ АҚШ долларында және қазақстандық теңгемен ұсынылатын валюталары бар екі қаржылық ақпарат жинағын дайындады, себебі акционерлер екі валюта да Топтың қаржылық ақпаратын пайдаланушылар үшін функционалды түрде пайдалы деп санайды. Топтың қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық ақпараты 2021 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айға теңгемен ұсынылған. Теңгемен ұсынылған барлық қаржылық ақпарат мыңға жуық дөңгелектелген.

Функционалды валютасы АҚШ доллары болып табылатын Топтың қаржылық нәтижесі, қаржылық жағдайы мен ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп келесі шараларды қолдана отырып, қазақстандық теңгеге аударылады.

- ұсынылған қаржылық жағдай туралы есептердің әрқайсысындағы активтер мен міндеттемелер осы қаржылық жағдай туралы есепті жасау күніне жабу бағамы бойынша ауыстырылады;
- жиынтық кіріс туралы әрбір есеп үшін кірістер мен шығыстар тиісті ай үшін ай сайынғы орташа айырбас бағамдары бойынша аударылған ай сайынғы кірістер мен шығыстарды қосу арқылы аударылады; және
- аударым нәтижесінде туындайтын барлық бағамдық айырмашылықтар басқа жиынтық табыстың құрамында танылады.

## 3. МАҢЫЗДЫ ЕСЕП САЯСАТТАРЫ

Төменде сипатталған өзгерістерді қоспағанда, осы ықшамдалған шоғырландырылған аралық қаржылық ақпаратта қолданылатын есеп саясаты соңғы жылдық қаржылық есептілікте қолданылған есеп саясатымен бірдей.

Есеп саясатындағы бұл өзгерістер Топтың 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жылға шоғырландырылған қаржылық есептілігінде көрсетіледі деп болжануда.

Топ 2021 жылдың наурызында жарияланған, 2021 жылдың 30 маусымынан кейінгі кезеңдерге қатысты COVID-19 пандемиясына байланысты жалдау шегінулері 16 ҚЕХС түзетулерін мерзімінен бұрын қабылдады. Түзетулер қабылданғанға дейін 16 ҚЕХС бойынша Топ жалға алушы болып табылатын жалдау келісім шарттары үшін мерзімі шектеулі ерікті практикалық жеңілдету қарастырылды, яғни практикалық мақсатқа сәйкес келетін жеңілдетулер қоданылатын жалдау келісім шарттары үшін, Топ коронавирустық пандемияның тікелей салдары ретінде туындайтын белгілі шарттарды қанағаттандыратын шегінулер жалға беру келісім шартының өзгерісі болатындығын бағалау қажет емес.

2021 жылы жарияланған түзету жеңілдетудің қолжетімділігін қосымша жылға ұзартады. Топ бұл түзетуді ретроспективті түрде қолданды. Түзету 2021 жылдың 1 қаңтарындағы бөлінбеген пайдаға әсер етпейді.

**Қолдануға қабылданбаған жаңа стандарттар мен түсініктемелер**

Бірқатар жаңа стандарттар 2020 жылдың 1 қаңтарынан кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді, оларды мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етілген. Алайда, Топ осы шоғырландырылған ықшамдалған аралық қаржылық ақпаратты дайындау кезінде жаңа және түзетілген стандарттарға мерзімінен бұрын көшкен жоқ.

Стандарттар мен түсіндірулерге келесі түзетулер Топтың шоғырландырылған ықшамдалған аралық қаржылық ақпаратына айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде:

- *Негізгі пайыздық мөлшерлемені реформалау - 2 кезең (9 ҚЕХС, 39 ҚЕХС, 7 ҚЕХС, 4 ҚЕХС және 16 ҚЕХС түзетулері);*
- *Қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негізіне сілтемелер (3 ҚЕХС түзетулер);*
- *Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу (1 ҚЕХС түзетулер);*
- *17 ҚЕХС «Сақтандыру шарттары»;*
- *Қиындық келтіретін келісімшарттар - келісімшартты орындауға арналған шығындар (37 ҚЕХС (IAS) түзетулер);*
- *Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар: мақсатты пайдаланудан бұрын түсетін түсімдер (16 ҚЕХС (IAS) түзетулер) «Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар»).*

## 4. БУХГАЛТЕРЛІК СЫНИ ПАЙЫМДАУЛАР МЕН БАҒАЛАУДЫҢ БЕЛГІСІЗДІГІНІҢ НЕГІЗГІ КӨЗДЕРІ

Осы ықшамдалған шоғырландырылған аралық қаржы ақпаратын дайындау кезінде басшылықтың есеп саясатын қолдану кезінде жасалған сыни пайымдаулар мен бағалаудың белгісіздігінің негізгі көздері, жоғарыда айтылған өтімділік пен үздіксіз қызмет туралы болжамды қоспағанда, ҚЕХС сәйкес дайындалған Топтың 2020 жылдық қаржылық есептілігін дайындау кезінде пайдаланылған пікірлермен сәйкес келді.

Келесі есепті жылы қаржылық есептілікте және ақпаратта көрсетілген көрсеткіштерді елеулі түрде өзгерту қаупі бар белгісіздікке қатысты жорамалдар мен бағалаулар туралы ақпарат келесі ескертулерде берілген:

- 1-ескерту - өтімділік пен үздіксіз қызмет туралы болжам;
- 8-ескерту - табыс салығы бойынша (шығын)/үнемдеу.

## 5. ТАБЫСТАР ЖӘНЕ БАСҚА ПАЙДА

| мың теңге<br>**Жолаушылар тасымалы** | **2021 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)** | **2020 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)** |
|---|---|---|
| Жолаушылар тасымалы | 114,195,571 | 67,916,493 |
| *Соның ішінде:* | | |
| *Жанармай алымы* | 10,216,578 | 8,553,113 |
| *Әуежай алымдары* | 5,376,209 | 3,697,232 |
2020 жылдың 15 қыркүйегінде Топ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ -мен несиелік келісімге қосымшаға қол қойды, нәтижесінде несие сомасы 160,000 мың АҚШ долларына дейін өсті (115,000 мың АҚШ долларынан), және оның мерзімі 2025 жылдың 10 қыркүйегіне дейін ұзартылды, бұл ЕҚДБ несиесінің бұрынғы мерзіміне сәйкес келеді (2025 жылдың қыркүйегіне дейін). ЕҚДБ несиесі 2020 жылдың 20 қыркүйегінде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ несиесімен толық қайта қаржыландырылды. Несие желісі теңгемен де, АҚШ долларымен де несие алуға мүмкіндік береді.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ -мен жасалған келісімге сәйкес, Топ 2021 жылдың 5 мамырында банкке Нұр-Сұлтан қаласындағы баланстық құны 8,147,026 мың теңгені құрайтын Техникалық Орталықты (ангарды) кепілге қойды.

Топтың несиелері келесі валютада көрсетілген:

| **мың теңге** | **2021 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)** | **2020 ж. 31 желтоқсан** |
|---|---|---|
| Теңге | 35,583,332 | 48,768,737 |
| АҚШ доллары | 19,850,673 | 20,265,975 |
| | **55,434,005** | **69,034,712** |

## 23. ЖАЛҒА АЛУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2012-2014 жылдары Топ бекітілген пайыздық мөлшерлеме бойынша меншік құқығының өту шарты бар он ұшақ сатып алды. Әр ұшақты жалға алу мерзімі - он екі жыл. Топтың жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін әрбір әуе кемесін номиналды бағамен сатып алу мүмкіндігі бар.

Қаржы институттары жалға берушіге 2012 және 2013 жылдар ішінде жеткізілген алты жаңа Airbus ұшақтары бойынша берген несиелерге Еуропалық экспорттық несие агенттіктері кепілдік берді, 2013 және 2014 жылдары жеткізілген үш Боинг 767 ұшақтарына АҚШ Экспорттық Импорт Банкі кепілдік берді. Топтың меншік құқығының өту шарты бар жалға алу міндеттемелері жалға берушінің жалға алынған активтерге меншік құқығымен қамтамасыз етілген. Бұл активтердің баланстық құны 274,371,626 мың теңгені құрайды (аудиттелмеген), (2020 ж.: 266,484,435 мың теңге) (9-ескерту). Топтың жалдау бойынша міндеттемелері белгілі бір шарттарды қамтиды. Бұл шарттар белгілі бір операцияларға тыйым салады, соның ішінде Топтың жалпы міндеттемелерінің сомасына шектеу қояды.

Кейбір жалдау келісім шарттарына Топтың меншік үлесінің өзгеруі туралы шарттар кіреді. Бұл талаптар 2021 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай ішінде орындалды.

| | **Минималды жалдау төлемдері** | | **Минималды жалдау төлемдерінің келтірілген ағымдағы құны** | |
|---|---|---|---|---|
| | **2021 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)** | **2020 ж. 31 желтоқсан** | **2021 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)** | **2020 ж. 31 желтоқсан** |
| **мың теңге** | | | | |
| Бір жылдың ішінде | 63,190,367 | 67,908,273 | 50,209,040 | 55,703,229 |
| Бір жылдан бес жылға дейін | 237,380,535 | 221,299,231 | 211,699,005 | 195,093,048 |
| Бес жылдан кеш | 42,391,490 | 48,341,163 | 40,283,704 | 45,803,005 |
| | **342,962,392** | **337,548,667** | **302,191,749** | **296,599,282** |
| Шегеру: болашақ қаржылық шығындар | (40,770,643) | (40,949,385) | - | - |
| **Минималды жалдау төлемдерінің келтірілген ағымдағы құны** | **302,191,749** | **296,599,282** | **302,191,749** | **296,599,282** |
| | | | | |
| Қаржылық есептілікке төмендегідей қосылған: | | | | |
| - қаржылық жалдау бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер | | | 50,209,040 | 55,703,229 |
| - қаржылық жалдау бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер | | | 251,982,709 | 240,896,053 |
| | | | **302,191,749** | **296,599,282** |

Топтың жалдау бойынша міндеттемелері АҚШ долларымен көрсетілген.

**2021 жылдың 30 маусымындағы қаржылық қызметтен туындаған міндеттемелер мен ақша ағындарының өзгерісін салыстыру**

| | Несиелер (22-ескерту) | Жалдау бойынша міндеттемелер | Барлығы |
|---|---|---|---|
| **Кезеңнің басында** | **69,034,712** | **296,599,282** | **365,633,994** |
| **Қаржылық қызметтен болған ақша қаражаттарының қозғалысына байланысты өзгерістер** | | | |
| Жалдау міндеттемелері бойынша төлемдер | - | (16,806,493) | (16,806,493) |
| Қарыз қаражаты бойынша төлемдер | (11,967,353) | - | (11,967,353) |
| Төленген пайыздар | (4,751,310) | (7,282,715) | (12,034,025) |
| Сату және кері жалға алудан болған қосымша қаржыландыру | (73,198) | - | (73,198) |
| **Қаржылық қызметтен болған ақша қаражаттарының қозғалысына байланысты өзгерістер жиыны** | **(16,791,861)** | **(24,089,208)** | **(40,881,069)** |
| Валюта бағамының өзгеруінің әсері | (778,024) | (20,698) | (798,722) |
| **Басқа өзгерістер** | | | |
| Жаңа жалдау | - | 18,628,917 | 18,628,917 |
| COVID-19-ға байланысты кейінге қалдырылған жалдау төлемдерінің әсері (6-ескерту) | - | 377,748 | 377,748 |
| Қозғалтқышты ерте қайтарудан түсетін табыс | - | (209,440) | (209,440) |
| Міндеттемелерді кепілдік депозиттермен өзара есепке алу | - | (2,246,034) | (2,246,034) |
| Пайыздық шығындар (7-ескерту) | 2,863,875 | 8,053,532 | 10,917,407 |
| Есептілік валютасын қайта есептеу бойынша резерв | 1,105,303 | 5,097,650 | 6,202,953 |
| **Басқа өзгерістер жиыны** | **3,969,178** | **29,702,373** | **33,671,551** |
| **Кезеңнің соңында** | **55,434,005** | **302,191,749** | **357,625,754** |

**2020 жылдың 30 маусымындағы қаржылық қызметтен туындаған міндеттемелер мен ақша ағындарының өзгерісін салыстыру**

| | Несиелер (22-ескерту) | Жалдау бойынша міндеттемелер | Барлығы |
|---|---|---|---|
| **Кезеңнің басында** | **6,437,077** | **232,041,600** | **238,478,677** |
| **Қаржылық қызметтен болған ақша қаражаттарының қозғалысына байланысты өзгерістер** | | | |
| Қарыз қаражаты бойынша төлемдер | (23,653,411) | (21,977,642) | (45,631,053) |
| Алынған несиелер | 59,868,148 | - | 59,868,148 |
| Төленген пайыздар | (144,288) | (5,671,204) | (5,815,492) |
| Сату және кері жалға алудан болған қосымша қаржыландыру | 695,925 | - | 695,925 |
| **Қаржылық қызметтен болған ақша қаражаттарының қозғалысына байланысты өзгерістер жиыны** | **36,766,374** | **(27,648,846)** | **9,117,528** |
| Валюта бағамының өзгеруінің әсері | (163,820) | (91,984) | (255,804) |
| **Басқа өзгерістер** | | | |
| Жаңа жалдау | - | 31,113,942 | 31,113,942 |
| Пайыздық шығындар (7-ескерту) | 540,948 | 5,676,169 | 6,217,117 |
| COVID-19-ға байланысты кейінге қалдырылған жалдау төлемдерінің әсері (6-ескерту) | - | (544,501) | (544,501) |
| Есептілік валютасын қайта есептеу бойынша резерв | (1,270,123) | 13,023,909 | 11,753,786 |
| **Басқа өзгерістер жиыны** | **(729,175)** | **49,269,519** | **48,540,344** |
| **Кезеңнің соңында** | **42,310,456** | **253,570,289** | **295,880,745** |

2015 жылдың 1 шілдесінде Топ АҚШ долларымен көрсетілген жалдау бойынша міндеттемелерінің бір бөлігін болашақта АҚШ долларымен көрсетілген ықтималдығы жоғары болашақ кезеңнің табысын хеджирлеу ретінде белгіледі. Топ 39 ҚЕХС (IAS) сәйкес ақша қаражаттарының қозғалысын хеджирлеуді есепке алу моделін қолданды.

Функционалды валютаның АҚШ долларына көшуіне байланысты бұл хеджирлеу 2017 жылдың 31 желтоқсанынан бастап экономикалық тиімділігін жоғалтты. 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша хеджирлеудің эфективті бөлігі болып табылатын 3,324,297 мың теңге сомасында кейінге қалдырылған салық шегерілгенге дейін (2020 ж. 31 желтоқсан: 3,712,459 мың теңге) 16,621,485 мың теңге (2020 ж. 31 желтоқсан: 18,562,957 мың теңге) сомасындағы валюталық шығын меншікті капиталда хеджирлеу резервінде танылды. Функционалды валютаның өзгеруі нәтижесінде хеджирлеу байланысы тоқтатылды, сондықтан 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап шетелдік валютаны аудару бойынша пайда мен залал пайдалар мен залалдардан хеджирлеу резервіне ауыспайды, ал меншікті капиталда танылған хеджирлеу резерві кірістен болжамды ақша ағындары алынғанға дейін меншікті капиталда қалуы тиіс.

2021 жылдың бірінші жартыжылдығында пайда мен залал туралы есептегі хеджирлеу резервінен валюталық залалдарға жіктелген сома 2,477,607 мың теңгені құрады (495,691 мың теңге табыс салығына дейін) (2020 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай ішінде: 2,294,830 мың теңге) (458,996 мың теңге сомасында табыс салығына дейін).

## 24. ҚАРЖЫЛЫҚ ҚҰРАЛДАР

Қалыпты қызмет барысында Топ тап болатын негізгі тәуекелдерге несиелік тәуекел, пайыздық мөлшерлеменің, валюта бағамының және тауар бағасының өзгеру тәуекелі жатады. Төменде сипатталғандай, Топ тауар бағасының тәуекелінен басқа тәуекелдерд хеджирлемейді.

**Капиталды басқару**

Топ жақын болашақтағы үздіксіз қызметін қамтамасыз ету үшін және қарыз қаражаттары мен меншікті қаражаттың қатынасын оңтайландыру арқылы акционерлердідң кірісін барынша арттыру мақсатында капиталды басқарады. 2017 жылмен салыстырғанда Топтың жалпы стратегиясы өзгерген жоқ.

Топтың капитал құрылымы таза қарыз алудан (22 және 23 -ескертпелерде көрсетілген несие мен қаржылық жалдау бойынша міндеттемелерді қосқанда) және Топтың капиталын (18-ескертпеде көрсетілген шығарылған капиталды, функционалды валютаға аудару резервін, хеджирлеу құралдары бойынша резервті және бөлінбеген пайданы қосқанда) қамтиды.

Топ меншікті капиталға қатысты сыртқы реттеуге жатпайды.

Топ әр алты ай сайын өзінің капитал құрылымын қарастырады. Бұл қайта қарау шеңберінде Топ капиталдың өзіндік құнын және капиталдың әрбір класына байланысты тәуекелдерді ескереді. Топта капиталдандыру коэффициентінің нақты жоспарланған көрсеткіші жоқ.

**Несиелік тәуекел**

Несиелік тәуекел - бұл контрагенттердің келісімшарттық міндеттемелерін орындамауы және Топтың осыған байланысты шығынға ұшырау тәуекелі. Топтың саясаты - тек несиеге қабілетті контрагенттермен жұмыс жасау және қажет болған жағдайда міндеттемелерді орындамаудан туындайтын шығындар тәуекелін төмендету үшін жеткілікті кепіл алу. Несиелік тәуекел несиелік лимиттерді белгілеу арқылы бақыланады, олар жыл сайын қаралады және тәуекелдерді басқару комитетімен бекітіледі.

Ақша қаражаттары, кепілдік салымдар мен дебиторлық берешек сияқты қаржылық құралдардың несиелік тәуекелінің максималды тәуекелі олардың баланстық құнына негізделген.

Сауда дебиторлық берешек көптеген сатып алушылармен ұсынылған және экономиканың әр түрлі секторлары мен географиялық аймақтар бойынша бөлінеді. Топ өз дебиторларының қаржылық жағдайын үнемі бағалайды және қажет болған жағдайда дебиторлық қарызды өтеуге кепілдік беру үшін сақтандыруды алады.

2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша сауда дебиторлық берешекке қатысты несиелік тәуекелдің айтарлықтай шоғырлануы жоқ (14-ескерту).

Топ тек беделді банктермен жұмыс жасайды және банктік шоттар мен депозиттерге несиелік тәуекелден аспайтын орналастыру лимиттерін белгілейтін қаражат-инвестициялық саясатты әзірледі.

Кейбір банктер үшін несиелік тәуекелдің күшеюі нәтижесінде басшылық қолма -қол ақшаны басқару саясатын қайта қарады және Қазақстандағы ірі банктердің несиелік рейтингтерін қайта қарады және 14-ескертуде көрсетілген «КазИнвестБанк» АҚ пен «DeltaBank» АҚ қоспағанда, «ВВ» немесе одан жоғары рейтингті банктерге негізгі сомаларды орналастырды.

2021 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша, жергілікті банктердегі ағымдағы шоттарының көпшілігі Moody's рейтингтік агенттігі тағайындаған «Ba1» жоғары несиелік рейтингі бар қазақстандық банктерге орналастырылды.

COVID-19 әсеріне қарамастан, басшылық ірі банктер мен дебиторлардың несиелік тәуекелдерінің 2021 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша өткен жылдың соңымен салыстырғанда айтарлықтай өсуі байқалмады деп санайды.

**Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру қаупі**

Топ белгіленген пайыздық мөлшерлемемен қарыз алғандықтан, пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекеліне ұшырамайды.

**Валюталық тәуекел**

Топ АҚШ долларынан басқа валютадағы сату және сатып алу операциялары кезінде валюталық тәуекелге ұшырайды. Валюталық тәуекел негізінен теңгеге қатысты туындайды. Шетел валютасында көрсетілген активтер мен міндеттемелердің баланстық құны 14, 16, 21 және 22 ескертулерде ашылған.

Топ басшылығы валюталық тәуекел тұрғысынан осы жағдайда Топтың экономикалық тұрақтылығын сақтау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды деп есептейді.

**Валюталық бағамдардың өзгеруіне сезімталдықты талдау**

Топ бірінші кезекте АҚШ долларының теңгеге қатысты бағамының өзгеру тәуекеліне ұшырайды.

Есепті күнге шетел валютасында көрсетілген Топтың қаржылық активтері мен қаржылық міндеттемелерінің баланстық құны келесі түрде ұсынылған. Бұл ақпарат басқа шетел валютасында көрсетілген активтер мен міндеттемелер баптарын қамтымайды, себебі олардың жиынтық сомалары Топтың ықшамдалған шоғырландырылған қаржылық ақпаратына айтарлықтай әсер етпейді.

| | Ескерту | 2021 ж. 30 маусым Теңге (аудиттелмеген) | 2021 ж. 30 маусым Еуро (аудиттелмеген) | 2020 ж. 31 желтоқсан Теңге | 2020 ж. 31 желтоқсан Еуро |
|---|---|---|---|---|---|
| **Активтер** | | | | | |
| Басқа салықтар бойынша алдын-ала төлем | 15 | 5,816,737 | - | 6,383,521 | - |
| Сауда және басқа дебиторлық қарыздар | 14 | 5,100,877 | 1,007,253 | 3,520,491 | 559,810 |
| Табыс салығын алдын-ала төлеу | | 1,924,221 | - | 1,374,692 | - |
| Ақша қаражаттары мен банк есепшоттарындағы қалдықтар | 16 | 8,327,595 | 1,719,262 | 7,655,090 | 316,524 |
| Кепілдік салымдары | | 32,948 | 173,295 | 24,834 | 212,138 |
| **Барлығы** | | **21,202,378** | **2,899,810** | **18,958,628** | **1,088,472** |
| **Міндеттемелер** | | | | | |
| Сауда және басқа кредиторлық қарыздар | 21 | 12,397,685 | 1,067,158 | 9,152,688 | 1,309,451 |
| Несиелер | | 35,583,332 | - | 48,768,737 | - |
| Жалдау міндеттемелері | | 1,286,665 | - | 883,400 | - |
| **Барлығы** | | **49,267,682** | **1,067,158** | **58,804,825** | **1,309,451** |
| **Валюталық таза позиция** | | **(28,065,304)** | **1,832,652** | **(39,846,197)** | **(220,979)** |

2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша АҚШ долларының және еуроның теңгеге қатысты тиісінше 11% және 7% -ға әлсіреуі мен нығаюына Топтың сезімталдығы келесі кестеде көрсетілген. Сезімталдық үлесі негізгі басшылық үшін валюталық тәуекел бойынша ішкі есептілікті дайындауда қолданылады.

Сезімталдық талдауы жоғарыда көрсетілген сезімталдық коэффициенттерін қолдана отырып, оларды түзету арқылы кезеңнің соңында қол жетімді шетел валютасындағы ақшалай сомаларды ғана қамтиды. Сезімталдық талдауына сауда және басқа дебиторлық қарыздар, ақша қаражаттары мен олардың баламалары, банктердегі депозиттер, сауда кредиторлық берешегі, пайда мен залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін активтер мен міндеттемелер, несиелер мен қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер кіреді.

Теріс сан пайда мен шығынның төмендеуін көрсетеді, оң сан пайда мен шығынға керісінше әсер етеді.

| | **АҚШ долларының нығайуы** | | **АҚШ долларының әлсіреуі** | |
|---|---|---|---|---|
| | **Теңге** | **Евро** | **Теңге** | **Евро** |
| **2021 ж. 30 маусым** | **11%** | **7%** | **(11%)** | **(7%)** |
| Пайда/(залал) | (2,469,747) | 102,629 | 2,469,747 | (102,629) |

| | **АҚШ долларының нығайуы** | | **АҚШ долларының әлсіреуі** | |
|---|---|---|---|---|
| | **Теңге** | **Евро** | **Теңге** | **Евро** |
| **2020 ж. 31 желтоқсан** | **13%** | **7%** | **(13%)** | **7%** |
| Пайда/(залал) | (4,144,004) | (12,375) | 4,144,004 | 12,375 |

Топ сауда және басқа дебиторлық берешек, ақша қаражаттары мен банк қалдықтары, банктердегі депозиттер, кепілдік депозиттер, сауда және басқа кредиторлық берешек, пайда мен залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін активтер мен міндеттемелер, несиелер мен қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер көрсетілген шетел валюталарының бағамдарының өзгерісін бақылау арқылы валюталық бағамдардың өзгеру тәуекелін шектейді.

**Өтімділік тәуекелін басқару**

Өтімділік тәуекелі - ақша қаражатын немесе басқа қаржы активін беру арқылы жабылатын қаржы міндеттемелері бойынша міндеттемелерді орындау кезінде қиындық туындау тәуекелі. Топтың өтімділікті басқару тәсілі қолайсыз шығындарға жол бермеу және Топтың абырой қаупін төндірмеу арқылы, мүмкіндігінше, Топтың қалыпты және стресстік жағдайлардағы өз міндеттемелерін уақытылы өтеуге жеткілікті өтімді қаражаттың болуын қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

Өтімділік тәуекелін басқару жауапкершілігі Топтың қысқа мерзімді, орта және ұзақ мерзімді қаржыландыру және өтімділікті басқару талаптары бойынша өтімділік тәуекелін басқарудың тиісті негізін әзірлеген Қазына Комитеті мен Директорлар Кеңесінің айрықша жауапкершілігі болып табылады. Топ тиісті резервтерді пайдалану арқылы өтімділік тәуекелін басқарады, сондай-ақ ақшалай қаражаттардың қозғалысын тұрақты мониторингілеу және болжау және қаржы активтері мен міндеттемелерінің өтеу мерзімдерін сәйкестендіру жолымен басқарады.

Келесі кестелерде Топтың туынды емес қаржылық міндеттемелері бойынша келісімшарт бойынша өтелуі қысқаша сипатталған. Кестелер келесіге негізделген:

- Топтан төлеуді талап етуге болатын ең ерте мерзімге негізделген қаржылық міндеттемелердің дисконтталмаған ағындары және

- егер Топ ақша қаражаттарының қозғалысы басқа мерзімде болады деп күтпесе, осы активтер бойынша алынатын сыйақыны қоса алғанда, қаржылық активтердің дисконтталмаған мерзімдері.

## Сыйақы мөлшерлемелерінің және өтімділік кестелері

| | 3 айға дейін | 3 айдан 1 жылға дейін | 1-5 жыл | 5 жылдан жоғары | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|
| **30 маусым 2021 ж. (аудиттелмеген)** | | | | | |
| **Қаржылық активтер** | | | | | |
| ***Пайызсыз*** | | | | | |
| Саудалық және өзге дебиторлық берешек | 6,534,308 | 384,245 | 1,352,132 | 481,377 | 8,752,062 |
| Кепілдікті салымдар | 94,564 | 492,073 | 2,559,638 | 3,920,328 | 7,066,603 |
| Ақша қаражаттары және банк есепшоттарындағы қалдықтар | 98,589,279 | - | - | - | 98,589,279 |
| ***Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтер*** | | | | | |
| Басқа қаржылық активтер | 1,195,953 | 2,065,852 | - | - | 3,261,805 |
| **Қаржылық міндеттемелер** | | | | | |
| ***Пайызсыз*** | | | | | |
| Саудалық және өзге кредиторлық берешек | 11,749,432 | 667,507 | - | - | 12,416,939 |
| ***Бекітілген мөлшерлемесімен*** | | | | | |
| Несиелер | 1,521,577 | 34,692,893 | 23,658,894 | - | 59,873,364 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | 12,694,641 | 50,495,726 | 237,380,535 | 42,391,490 | 342,962,392 |

| | 3 айға дейін | 3 айдан 1 жылға дейін | 1-5 жыл | 5 жылдан жоғары | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|
| **31 желтоқсан 2020 ж.** | | | | | |
| **Қаржылық активтер** | | | | | |
| ***Пайызсыз*** | | | | | |
| Саудалық және өзге дебиторлық берешек | 3,626,561 | 675,139 | 987,034 | 395,655 | 5,684,389 |
| Кепілдікті салымдар | 537,081 | 1,910,090 | 2,678,671 | 5,942,828 | 11,068,670 |
| Ақша қаражаттары және банк есепшоттарындағы қалдықтар | 84,751,912 | - | - | - | 84,751,912 |
| **Қаржылық міндеттемелер** | | | | | |
| ***Пайызсыз*** | | | | | |
| Саудалық және өзге кредиторлық берешек | 10,892,892 | 336,720 | - | - | 11,229,612 |
| ***Бекітілген мөлшерлемесімен*** | | | | | |
| Несиелер | 3,375,698 | 49,040,645 | 24,451,504 | - | 76,867,847 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | 16,013,520 | 51,894,753 | 221,299,231 | 48,341,163 | 337,548,667 |

## Әділ құн

*Ақша қаражаттары мен банк есепшоттарындағы қалдықтар*

Ақша қаражаттары мен банк есепшоттарындағы қалдықтардың баланстық құны олардың әділ құнына жуықтайды, себебі олар қысқа мерзімді немесе сыйақыларды қосады және дисконтталмайды.

*Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық құралдар*

Топ авиациялық жанармай бағасының өзгеру тәуекелін хеджирлеу үшін опциондарды қолданады. Топ жанармай хеджирлеу мақсатында «колл-опциондар» (шикізат бағасының алдын-ала белгіленген деңгейден жоғарылау қаупін жабу үшін Топ сыйақыны алдын-ала төлейді) сияқты стандартты нарықтық құралдарды қолданады. Сатып алу опциондарын сатушылардан сатып алынған авиациялық жанармай бағасының өзгеру тәуекелін хеджирлеуге ешқандай мүмкіндік болмағандықтан, Топ бірнеше халықаралық банктермен қаржылық туынды құралдармен мәміле жасау туралы бас келісімге қол қою арқылы Қазақстан Республикасынан тыс жерде сатып алынған отын көлемін ғана хеджирлейді. Мәмілені жаппас бұрын компания басшылығы хеджирленетін авиакеросин көлемін анықтайды. Хеджирлеу Компанияның директорлары мен акционерлері бекіткен Отынды хеджирлеу саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

Топтың қаржылық активтері мен қаржылық міндеттемелерінің әділ құны ағымдағы нарықтық бақыланатын мәмілелердегі бағаларды және ұқсас құралдар бойынша дилерлік баға ұсыныстарын пайдалана отырып, дисконтталған ақша ағымының талдауы негізінде жалпы қабылданған баға моделіне сәйкес анықталады.

2 -деңгейдегі пайдалар мен залалдар арқылы әділ құны бойынша есептелетін қаржылық активтер мен міндеттемелердің әділ құны, әдетте хеджирлеу операцияларына қатысатын банктер ұсынған әділ құн туралы есептерді қолдану арқылы есептеледі. Бұл бағалау әдісіне ең маңызды үлес - бұл келісім шарттың аяқталуына дейін қалған уақыт, шикі мұнайдың форвардтық және спот бағасы.

Топтың әділ құн иерархиясының 1-3 деңгейлеріне топтастырылған әділ құны бойынша бастапқы танудан кейін бағаланатын басқа қаржылық немесе қаржылық емес құралдары жоқ.

*Кепілдік депозиттер*

Кепілдік депозиттер амортизацияланған құны бойынша танылады. Басшылық таза баланстық құнды олардың әділ құнына шамамен тең деп есептейді.

*Саудалық және өзге дебиторлық және кредиторлық берешектер*

Дебиторлық және кредиторлық берешек бойынша өтеу мерзімі алты айдан аз болған жағдайда, әділ құн баланстық құнынан айтарлықтай ерекшеленбейді, өйткені уақыт өте келе ақша құнының әсері маңызды емес. Ab-initio бағдарламасы бойынша дебиторлық берешек бастапқыда әділ құны бойынша танылады, кейін амортизацияланған құны бойынша бағаланады. Басшылық баланстық құн олардың әділ құнына жуық деп есептейді.

*Несиелер*

Несиелер амортизацияланған құнымен көрсетіледі. Басшылықтың тұжырымы бойынша баланстық құн шамамен әділ құнын құрайды деп есептейді.

*Жалдау бойынша міндеттемелері*

Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер бастапқыда жалдаған мүліктің әділ құны мен минималды жалдау төлемдердің дисконталған құнының қайсысы төмен болса сол құнымен есепке алынады. Басшылық әділ құн баланстық құннан шамамен 1%-ға төмен деп есептейді.

*Резервтер*

Қаржы міндеттемелері анықтамасына сәйкес келетін резервтер үшін әділ құн мен ағымдағы құнның айырмашылығы елеусіз, өйткені ақшаның уақытша құнының әсері елеулі емес.

## 25. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

**Капиталды міндеттемелері**

2011 жылы Топ Boeing компаниясымен үш Boeing-787 сатып алу туралы келісімге қол қойды. Топ келіскен кестеге сәйкес алдын-ала төлемдер төлеуге міндетті. Қазіргі уақытта Boeing-787 жеткізілімі 2023 жылға ауыстырылды, алдын-ала төлемдер де 2022 жылғы 4 тоқсанға тиісінше ауыстырылды.

Жасасқан келісім шарттарға сәйкес әуе кемелердің сатып алу құның көрсету мүмкін емес.

**Болашақ міндеттемелер**

*Әуе кемелері*

Әуе кемелеріне бойынша жалдау келісімшарттары 5 жылдан 10 жылға дейін созылады. Барлық келісім шарттар Топ жалдау мерзімін созу туралы шешім қабылдаған жағдайда, нарықтық бағаларды жаңарту туралы бөлімдерден тұрады. Топ жалдау мерзімінің соңында жалға алынған активтерді сатып алуға мүмкіндігі жоқ.

Бекітілген және өзгеретін айналмалы жалдау төлемдері АҚШ долларымен деноминацияланып, төленуге тиіс. Бұл валюта әуе кемелерін жалдау кезінде халықаралық есеп айырысуларда күн сайын пайдаланылады.

2020 жылдың екінші жартыжылдығы мен 2022 жыл аралығында жеткізілетін әуе кемелері жалдау бойынша міндеттемелер:

| | 2021 ж. 30 маусым (аудиттелмеген) | 2020 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| **мың теңге** | | |
| Бір жылдың ішінде | 3,918,189 | 3,770,512 |
| Бір жылдан мен бес жыл аралығында | 43,868,994 | 55,242,333 |
| Бес жылдан астам | 41,849,354 | 54,587,397 |
| | **89,636,537** | **113,600,242** |

2017 жылы Топ Airbus A320neo тобының алты ұшағын жалға алу келісім-шарттарына кейбір ағымдағы жалға алу келісім-шарттарын олардың әрекет ету мерзімі аяқталғанда ауыстыру және болашақта қызметін кеңейту үшін қол қойды. Үш A320neo ұшағы 2020 жылы жеткізілді, бір A321LR 2021 жылдың наурыз айында жеткізілді, ал қалған A321LR ұшағы 2021 жылдың екінші жартысында күтіледі.

2020 жылы Топ 2021 жылдың ақпан айында жеткізілген бір A320CEO ұшағын жалға алу туралы келісім мен болашақта қызметін кеңейту үшін 2022-2023 жылдары күтілетін жеткізу мерзімдері бар үш A321LR ұшағын жалға алу туралы келісімге қол қойды.

2021 жылдың 30 маусымындағы қамтамасыз етілмеген резервтік аккредитивтер 11,830,303 мың теңгені құрады.

**Сақтандыру**

*Авиациялық сақтандыру*

Топ әуе кемелерді қолдану бойынша сақтандыру өтеліміне зор көңіл бөледі, сондықтан қаржылық тұрақтылық бойынша жоғары рейтингіне ие халықаралық сақтандыру нарықтарының көбісінде (мысалы, Lloyds) авиациялық тәуекелдерді орналастырады. Сақтандыру өтелімінің түрлері төменде берілген:

- Әуе кемесінің, қосалқы бөлшектері мен жабдықтарының мүліктік нұқсандарының «Барлық тәуекелдерін» авиациялық сақтандыру және әуекомпанияның жолаушыларды қоса алғанда үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;
- Мүліктік нұсқан тәуекелдерін авиациялық сақтандыру: әуе кемелерінің фюзеляжын сақтандыру және сақтандырушының қосалқы қозғалтқыш бойынша меншікті шегеру;
- «Соғыс тәуекелі мен соған байланысты тәуекелдер» авиациялық сақтандыру: қосалқы бөлшектерді қоса алғандағы әуе кемелерінің мүліктік нұсқаны;
- Соғыс, әуе кемесін заңсыз тартып алу (айдап әкету) тәуекелдерінің және олармен қауымдасқан тәуекелдердің салдарынан болған үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін авиациялық сақтандыру.

*Сақтандырудың басқа түрлері*

Авиациялық сақтандыру өтелімінен басқа Топ мүлік пен жалпы міндеттемелеріне зиянның қаржылық тәуекелін төмендету және жазатайым оқиғаларға ұшыраған қызметкерлерге өтемақы төлеу әрі медициналық шығынды өтеу үшін сақтандыру полистерін үнемі сатып алып тұрады, яғни:

- Қызметкерлерді медициналық сақтандыру;
- Директорлардың және лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін сақтандыру;
- Мүлікті сақтандыру;
- Көлік құралдарын кешенді сақтандыру;
- Қызметкерлерді еңбек міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан сақтандыру;
- Келтірілген зиян үшін азаматтық жауапкершілікті сақтандыру;
- Ұшқыштардың лицензиясынан айыруға әкеп соққан жазатайым оқиғадан ерікті сақтандыру;
- Қоймадағы тауарларды сақтандыру;
- Кибер тәуекелді сақтандыру.

**Салықтық шартты міндеттемелер**

Қазақстан Республикасының салық жүйесі салыстырмалы түрде жаңа бола отырып, заңнамадағы, ресми жарияланымдардағы және сот шешімдеріндегі әртүрлі салық органдарының әртүрлі түсіндіруіне алып келетін анық емес түрде баяндалған және қарама-қайшы жиі өзгерістермен сипатталады, оған ҚЕХС сәйкес табыс, шығын және қаржылық есептіліктің басқа баптарын есепке алу пікірлері кіреді. Салықтардың дұрыс есептелгендігін тексерумен және тергеумен елеулі айыппұлдар салуға және өсімпұлдар өндіріп алуға құқығы бар реттеуші органдар айналысады. Есепті кезеңнің салығының дұрыс есептелуі салық органдарының тексеруі үшін келесі күнтізбелік бес жылдың ішінде ашық болып қалады, алайда, кейбір жағдайларда бұл мерзім созылуы мүмкін.

Басшылық қолданылатын салық заңнамасының, нормативті талаптардың және сот шешімдерінің түсіндірмелеріне негізделе отырып, салық міндеттемелерін толық көлемде көрсеткеніне сенімді. Алайда әртүрлі реттеуші органдардың салық заңнамасының талдамасы Топ басшылығының көзқарасынан айрықша болуы мүмкін екендігін ескере отырып, реттеуші органдар тарапынан Топқа қатысты әрекет етудің мәжбүрлі шаралары қолданылған жағдайда, олардың бұл ықшамдалған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсері елеулі болуы мүмкін.

Топтың функционалдық валютасы АҚШ доллары болып табылады, себебі бұл валюта тиісті операциялардың, оқиғалар мен Компанияның міндеттемелерінің экономикалық салдарларын барынша нақты көрсетеді. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде теңгеден басқа функционалдық валютаның қолданылуын түсіндіретін ережелер жоқ. Соған қарамастан, Салық кодексі Қазақстан Республикасының барлық салық төлеушілерін теңгемен салық міндеттемелерін есептеуге және төлеуге міндеттейді. Сондықтан белгілі пайымдауды қолдану арқылы Топ салық және салық салу мақсаттары үшін теңгемен есеп жүргізіп, есептейді. Бұл көзқарас қолданыстағы заңнамада ең қолайлы болып саналатынына Басшылық сенімді.

**Операциялық орта**

Топтың қызметі негізінен Қазақстанда орналасқан. Сәйкесінше, Топтың қызметіне дамушы нарықтың ерекшеліктерімен сипатталатын Қазақстанның экономикасы мен қаржы нарығы әсер етеді. Құқықтық, салықтық және әкімшілік жүйелер дамуды жалғастыруда, бірақ олар өз талаптарын түсіндіруде екіұштылық қаупіне толы, оның үстіне олар жиі өзгеріске ұшырайды, бұл басқа құқықтық және фискалдық кедергілермен бірге Қазақстанда кәсіпкерлікпен айналысатын кәсіпорындар үшін қосымша проблемалар туғызады. Сонымен қатар, 2020 жылдың алғашқы айлары коронавирустың өршуіне байланысты жаһандық нарықтың тұрақсыздығына байланысты болды. Басқа факторлармен бірге бұл мұнай бағасы мен акциялар индексінің күрт төмендеуіне әкелді, сонымен қатар қазақстандық теңгенің құнсыздануын қиындатты. Шикі мұнай бағасы 2021 жылы көтерілді және қазақстандық теңге салыстырмалы түрде тұрақты болды, алайда 2021 жылдың шілдесінен бастап COVID-19 індетінің жаңа толқыны індет басталғаннан бері күн сайын жаңа жағдайлардың көп болуына әкелді. Осыған байланысты Қазақстан Үкіметі барлық аймақтарда карантиндік режимді қатаңдатты. Бұл оқиғалар Қазақстанда бизнесті жүргізу шарттары туралы белгісіздік деңгейін одан әрі арттырады.

Ұсынылған ықшамдалған шоғырландырылған қаржылық ақпарат Қазақстандағы іскерлік ортаның Топтың қызметі мен қаржылық жағдайына әсері туралы басшылықтың көзқарасын көрсетеді. Болашақ кәсіпкерлік жағдайлардың нақты әсері басшылықтың бағалауларынан өзгеше болуы мүмкін.

## 26. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

**Бақылау қатынастары**

Топтың акционерлері Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» АҚ және «BAE Systems Kazakhstan Ltd.» компаниясы болып табылады, олар Топ акцияларының тиісінше 51%-на және 49%-на иелік етеді.

**Басшылыққа сыйақы**

Топтың қызметін басқаруға, бақылауға және жоспарлауға өкілеттігі мен жауапкершілігі бар негізгі басшылық жыл ішінде қызметкерлерге жұмсалатын шығындарда көрсетілген келесі сыйақыны алды.:

| **мың теңге** | **2021 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)** | **2020 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)** |
|---|---|---|
| Жалақы және бонустар | 1,226,094 | 904,175 |
| Әлеуметтік салық | 113,512 | 41,594 |
| | **1,339,606** | **945,769** |

**Байланысты тараптармен операциялар**

Байланысты Тараптар топтың акционерлерін және осы акционерлер жеке немесе бірге акциялардың бақылау пакетіне ие барлық басқа компанияларды қамтиды.

Топ мемлекеттік органдарға, агенттіктерге және мемлекет бақылайтын кәсіпорындарға авиакөлік қызметтерін ұсынады. Бұл операциялар мемлекеттің тікелей бақылауына кірмейтін басқа кәсіпорындарға қызметтер көрсетумен салыстырылатын шарттарда топтың әдеттегі операциялық қызметі барысында жүргізіледі.

Топ тауарлар мен қызметтерді сатып алу және сату үшін сатып алулар, бағалар және бекіту процестері бойынша стратегияларды жасады және ендірді. Мұндай стратегиялық сатып алулар, бағалар және бекіту процестері контрагенттің мемлекет бақылайтын кәсіпорын болып табылуына немесе табылмауына байланысты болмайды.

Байланысты тараптармен жасалатын операциялардың ықтимал әсерін, баға белгілеу стратегияларын, сатып алу және бекіту процестерін, сондай -ақ ықшамдалған шоғырландырылған аралық қаржылық ақпаратқа байланысты тараптармен жасалатын операциялардың ықтимал әсерін түсіну үшін қажетті ақпаратты қарастыра отырып, Топ басшылығы келесі операциялар байланысты тараптармен операциялар ретінде ашып көрсетуді талап етеді деп есептейді.

| | **2021 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)** | **2021 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)** | **31 желтоқсан 2020 ж.** | **31 желтоқсан 2020 ж.** |
|---|---|---|---|---|
| **Алынған қызметтер** | **Операция сомасы** | **Есеп айырысулар бойынша қалдық** | **Операция сомасы** | **Есеп айырысулар бойынша қалдық** |
| Мемлекеттік компаниялар | 6,669,941 | (1,928,165) | 6,399,937 | (1,663,436) |
| Акционерлер және акционерлердің еншілес компаниялары | 1,778,647 | (214,385) | 677,665 | (10,944) |
| | **8,448,588** | **(2,142,550)** | **7,077,602** | **(1,674,380)** |

Байланысты тараптардан алынған қызметтер әуежайлардың қызметі, навигациялық қызметтермен және метеорологиялық қамсыздандырумен көрсетілген.

| | **2021 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)** | **2021 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)** | **31 желтоқсан 2020 ж.** | **31 желтоқсан 2020 ж.** |
|---|---|---|---|---|
| **Топ көрсеткен қызметтер** | **Операция сомасы** | **Есеп айырысулар бойынша қалдық** | **Операция сомасы** | **Есеп айырысулар бойынша қалдық** |
| Акционерлер және fкционерлердің еншілес компаниялары | 277,754 | 74,908 | 433,598 | 74,501 |
| Мемлекеттік компаниялар | - | - | - | 3,367 |
| | **277,754** | **74,908** | **433,598** | **77,868** |

Байланысты тұлғалармен барлық есеп айырысу есепті күннен кейін алты ай ішінде ақша қаражаттарымен есептеледі. Бұл қарыздың барлығы қамтамасыз етілмеген.

## 27. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2021 жылдың шілдесінде Топ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның 420 миллион теңге көлеміндегі несиесін мерзімінен бұрын өтеді.

## 28 ЫҚШАМДАЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТТЫ БЕКІТУ

Бұл ықшамдалған шоғырландырылған аралық қаржылық ақпаратты Топ басшылығы мақұлдап, 2021 жылдың 29 шілдесінде шығаруға бекітті**.**